



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ
БАС РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ:**

ӘБДІҚАЛЫҚОВА Г.Н.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Редакциялық кеңес төрайымы
ТОҒЖАНОВ Е.Л.	Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Хатшылығының меңгерушісі, жауапты шығарушы
ҚАЛИЖАНОВ У.Қ.	М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, жауапты шығарушы
ӘБЖАНОВ Х.М.	Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры
ДЕРБІСӘЛІ Ә.Б.	Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры
ДЫМОВ О.Г.	Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары
МАЛБАҚОВ М.М.	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры
МАУЫТОВ Н.К.	«Қазақ энциклопедиясы» баспасы Бас редакторының орынбасары
МҰХАМЕДИҰЛЫ А.НИ Л.А.	Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі
СӘРІНЖІПОВ А.Б.	Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары
ТОЙБАЕВА Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
ШӘУКЕНОВА З.К.	«Қазақ энциклопедиясы» баспасының Бас директоры
	Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ:

АХМЕТОВ Ә.К.	Филология ғылымдарының докторы,
АЯҒАН Б.Ғ.	профессор Тарих ғылымдарының докторы,
ЖОЛДАСБАЕВ С.Е.	профессор Экономика ғылымдарының
МҰҢАЛБАЕВА Ү.Д.	кандидаты Педагогика ғылымдарының
СӘДУАҚАСОВА	докторы Социология ғылымдарының докторы
А.К. ТЕЛЕБАЕВ Ғ.Т.	Философия ғылымдарының докторы,
ТӨЛЕШЕВ А.Қ.	профессор Техника ғылымдарының докторы,
ШАЯХМЕТОВ Н.У	профессор Тарих ғылымдарының докторы

**ҚАЗАҚСТАН
ХАЛҚЫ**

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

УДК
ББК
Қ

\endash **ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ: Энциклопедия.** / Бас. ред. Ж.Н.ТОЙБАЕВА. – Алматы:
«Қа-
зақ энциклопедиясы», 2015. – 484 бет.

ISBN

«Қазақстан халқы» атты энциклопедиялық жинақ Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғаны-на 20 жыл толу мерекесіне орай шығып отыр. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей ұсынысымен құрылған бұл ұйым 20 жыл ішінде қыруар жұмыстар атқарып, еліміздің үдемелі дамуына өз үлесін қосып келеді. Жинақ Ассамблеяның құрылған кезеңінен күні бүгінге дейінгі тағылымға толы тарихи жолын бей-нелейтін және қазақстандық патриотизмнің бірегей үлгісін айғақтайтын нақты деректерге негізделген.

ҚАЗІРГІ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСТЕРІ

Қазақстан халқы – өзіндік этностық құндылықтары мол ұлт пен ұлыс өкілдерінің біртұтас жүйесі болып табылатын көп этнос-тық құрамы бар қауымдастық. Мемлекет құраушы қазақ ұлты мен басқа да этностар иық тіресе, азаматтық мемлекет құруда. Ал бір елде мемлекет құраушы ұлт пен әр түрлі этнос өкілдерінің ынтымақтастық пен бірлікте өмір сүруі демократиялы қоғамның басты белгілерінің бірі.

Көші-қон – халықтың өсіп-өнуіне әсер ететін басты факторлардың бірі. 20 ғасырда Қазақстан халқының өсіп-өну динамикасында көші-қон үдерісінің рөлі басым болып, қазіргі Қазақстан халқының көп этностық құрамы қалыптасты. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқының көші-қондағы басты ерекшелігі – көші-қон қозғалысы кеңестік дәуірдегі бағытқа қарама-қарсы бұрылды.

Жеке дербес мемлекет болып қалыптасып, өз саясатын жүргізе бастаған Қазақстан алғашқы күннен бастап-ақ терең тарихы бар көші-қон мәселелеріне қатысты өз бағытын айқындады. Қазақстан Республикасында көші-қон саласында қабылданған заңдардың негізіне халықаралық келісімдер мен конвенциялар, сондай-ақ мемлекетаралық екі жақты және көп жақты халықаралық келісімдер және басқа да халықаралық құқықтық актілер қабылданды.

Көші-қонның құқықтық негіздері 1992 жылы 26 маусымда қабылданған алғашқы нормативтік акт – «Иммиграция туралы» заңда белгіленген. «Иммиграция туралы» Заң этностық қазақтардың көшіп келуін қамтамасыз ету және реттеудің, оларға жаңа жерде қолайлы

жағдай жасаудың құқықтық негіздерін құрады.

1997 жылы 13 желтоқсанда республикадағы демографиялық ахуал мен сыртқы және ішкі көші-қон үрдісін – дегі орын алып отырған жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының Парламенті «Халықтың көші-қоны туралы» Заң қабылдады. Бұл заң Қазақстан Республикасы көші-қон саласындағы қоғамдық қатынас-тарды реттеуге бағытталды. Көші-қон саясатының негізгі құрамдас бөлігінің бірі – Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этностық қазақ ұлты өкілдерін отанына мемлекеттік мүдде тұрғысынан қайта оралуға жағдай жасауды және құқықтық жүйелеуді көздеді.

«Халықтың көші-қоны» туралы заңда біріншіден, Көші-қон субъектілерінің конституциялық-құқықтық мәртебесі жеке-жеке ашып көрсетілді. Заңда босқындар мен репатрианттардың аражігі ашылып, оларды жеке-жеке анықтап, әрқайсысының құқықтық мәртебесі анықталды; екіншіден, тарихи Отанына оралғысы келетін оралмандардың құқықтық мәртебесі мәселесі толық өз шешімін тауып, азаматтық алу тәртібі анықталды.

2001 жылы 29 қазанда Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2001–10 жылдарға арналған салалық Бағдарламасы бекітілді.

Бұдан кейінгі көші-қон саласының құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағын жетілдірілуіне Президенттің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы септігін тигізді. 2007 жылғы 28 тамызында 2007–15 жыл-

дарға арналған Қазақстан Республикасының көші-қон Тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдама «Қазақстан–2030» Стратегиясына сай, ғаламдану кезеңіндегі көші-қон тәжірибесін ескере және ел халқының көп этностық құрамын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасындағы көші-қон үрдістерін реттеу бағыттарын жетілдіруді көздеді.

Тұжырымдама бойынша миграциялық саясатты жүзеге асыру 2008–10 жылдары елдегі миграциялық бірыңғай жүйені жетілдіру мен нормативтік-құқықтық актілерді реттеуге бағыттау; 2010–12 жылдардағы көші-қон саясаты іріктемелі түрде жоғары білімі мен инновациялық инвестициялық қабілетін ескере отырып орналастыру; 2013–15 жылдардағы елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды ескере отырып, еңбек күшін реттеу көзделді.

Тұжырымдамада көші-қон үрдістерінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары, Қазақстан Республикасындағы көші-қон үрдістеріне әлеуметтік-экономикалық, саяси, этностық, экологиялық және басқа да факторлардың ықпалы, тәуелсіз мемлекетіміздің дамуының әрбір кезеңіндегі көші-қонның өзіндік ерекшеліктері мен сипаттамалары қорытындыланды. Көші-қон саясатының негізгі принциптерін, Қазақстан Республикасының Конституциясында, басқа да нормативтік актілерде, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда бекітілген адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтау; нәсілі, тілі, діні, жынысы, этностық және әлеуметтік шығу тегі, көзқарасы, сая-

си сенімі сияқты белгілері, мүлкілік жағдайы немесе кез келген басқа да себептер бойынша кемсітушілікке жол бермеу; көшіп-қонушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы; тұлға мен мемлекет мүдделерін ұштастыру; барлық билік тармақтарының, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың күш-жігерін біріктіру; ең алдымен шетелде тұратын отандастарымыздың қайтып оралуын ынталандыруға бағдарланған саясаттың жүйелі де дәйекті жүргізілуін көздейтін елдің ұлттық бірдейлігін сақтау және дамыту; басым салаларда жұмыс істеу үшін шетелден біліктілігі жоғары мамандарды тартуды ынталандыруға және білікті өз мамандарымызды даярлауға негізделген Қазақстанның бәсекелестік артықшылығын дамыту; білімін, кәсібін, инвестициялық және қаржылық әлеуетін ескере отырып, көшіп келушілерді таңдау тәсіліне негізделген сұрыптау; Қазақстанға көшіп келушілердің елде болуының ашықтығы мен заңдастырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың елде болуын құқықтық қамтамасыз етудің түрлі шараларын ұйымдастыру жөніндегі техникалық, ұйымдық, экономикалық шараларды қамтитын үздіксіз мониторингтің жүргізілуін көздейтін айқындық және заңдылықтары атап көрсетілді. Және де, көші-қон саясатының мақсаты – еліміздің ұлттық бірдейлігі мен қауіпсіздігін сақтау және дамыту шеңберінде заңсыз көші-қонды қысқарту мен сұрыптаушылық көші-қонды қалыптастыру жолымен көші-қон үрдіс-терінің келеңсіз салдарын азайту болып табылатынын айқындап берді.

Өңірлердің демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму мүдделерін, өңірлік еңбек нарық-

тарын негізге ала отырып, көшіп келушілерді тиімді қоныс-тандыру тетіктерін әзірлеуді; көшіп келушілерді заңдастыру, бейімдеу және қазақстандық қоғамға етене араласуы жөніндегі шаралардың жүйелерін әзірлеуді; өңірлік еңбек нарықтарының мүмкіндіктерін ескере отырып, халықтың көші-қон ұтқырлығын арттыру тетіктерін жетілдіру; ауылдық аудандардан қалаға көшіп-қону облысаралық аумақтық орналасудың басым нысаны болып табылады, мұның өзі урбанизация процесі күшеюінің дәлелі. Перспективасы жоқ өңірлерден перспективалы өңірлерге халықтың көші-қоны байқалып отырғанын келешекте көші-қонды реттеудегі ерекше саясаттың негізгі бағыттары екенін тұжырымдамада айқындап, 2013–15 жылдары елдің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктеріне сәйкес жұмыс күші нарығы рет-телетін болады делінген. Жалпы алғанда, тұжырымдаманы іске асыру – көшіп-қонушылардың еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғауға; көшіп келушілердің қоғамға ойдағыдай бейімделуі және етене араласуына; экономиканың жоғарғы білікті жұмыс күшін қажет етуін және республиканың еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігін қамтамасыз етуге жәрдемдеседі деп белгілеп берді.

Жалпы алғанда, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда жүрген көші-қонды мәніне, халық өсіміндегі рөліне, бағыттары мен көлеміне қарай екі кезеңге бөлуге болады:

1-кезең – 1991–2003 жылдар аралығында көші-қон векторы сыртқа бағытталды. Басқа посткеңестік кеңістіктегі елдерге қарағанда Қазақстандағы көші-қон стихиялылығы, жаппайлығымен ғана емес, кө-

лемімен де ерекшеленді. Сыртқы көші-қон (эмиграция) нәтижесі аса өткір әлеуметтік-демографиялық мәселеге айналды. Туу азайып, өлім көбейді, яғни халықтың табиғи өсімі тежелді. Осы кезеңде Қазақстан халқы 2 дүниежүзілік соғыстан кейінгі 50 жылдан соң алғаш рет күрт кеміді: 1991–2003 жылдары республика халқының саны 16793,1 мыңнан 14866,8 мыңға түсіп, 1926,3 мың адамға азайды (2003 жылы 1991 жылғы мөлшердің 88,5%-ын ғана құрады). 13 жылда ішкі және сыртқы көші-қонды қосқанда, барлығы 11644,4 мың адам көші-қон қозғалысына түсті.

Соның ішінде сыртқа көші-қондық қозғалысқа түскен 983,5 мың иммигрант пен 3092,1 мың эмигрант 2108,6 мың адамдық теріс айырымды көрсетті. Теріс айырымның ең жоғары шегі 1994 жылға келді: бір жылғы теріс айырым 406,7 мың адам болды, сыртқы көші-қон қозғалысына 547 467 адам түсті. Елден ресми түрде кеткендер саны – 477 068 адам, келгендер – иммигранттар – 70 389 адам. Шетке кеткен көші-қондағы теріс айырым 2003 жылға дейін орын алды. 1991–2003 жылдары көші-қонның 2108,6 мың адамдық теріс айырымы осы кезеңдегі 182,3 мың адамдық табиғи өсімді толықтай тоқтатып қана қойған жоқ, одан 11,5 есе артық болды.

2-кезең – 2004 жылдан бастап халық санының кему үрдісі тоқтап, сыртқы көші-қон айырбасындағы оң айырым есебінен халық санында өсім байқалды. Көші-қон қозғалысы 2004 жылы 2789 адамға оң айырым көрсетті. 2004–09 жылдары Қазақстандағы көші-қон процесіне 1806,8 мың адам кетіп, 1877,3 мың адам келіп, барлығы 3684,1 мың

адам тартылды. Айырым +70,6 мың адамға оң нәтиже көрсетті. 2005 жылы – 22,1 мың адам, 2006 жылы – 30,4 мың адам, 2007 жылы 10,0 мың адамнан астам және 2008 жылы – 3,5 мың адамнан астам. Бірақ 2007 жылдан бастап көші-қондағы оң айырым кеми бастады.

Көші-қондағы негізгі үрдістер: көші-қон айырбасындағы әріптестер – Ресей, Украина және Орта Азия Республикалары мен алыс шет елдерден, негізінен, Германия, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы мен Украинадан басқа ТМД елдерімен айырым – оң. Ал көші-қон айырбасындағы теріс айырым мөлшері 1999–2007 жылдары Ресеймен 3 есе, Беларусьпен 6 есе және Украинамен 7 есе кеміді. Бірақ 2007 жылдан бері шет елдермен көші-қондағы оң айырым төмендеуде: 2006 жылмен салыстырғанда 2007 жылы 3 есе (11 мың адам), 2008 жылы 1,1 мың адамға дейін кеміді. Тіпті, 2008 жылы ТМД елдерімен көші-қон айырымы 11,5 мың адамға теріс көрсеткіш көрсетті. Бірақ оны ТМД-дан басқа елдерден келгендердің 12,6 мың адамдық оң айырымы жауып жіберді. ТМД елдерінен келушілер саны да кеміді: 2006 жылы 56,6 мың, 2008 жылы 31,4 мың адам келген. Алыс шетелден келушілер саны, керісінше, өсуде: 2004 жылы 6,5 мың, 2008 жылы 15 мыңдай адамға көбейді. Бұл ең алдымен оралмандардың көші-қоны мен оларға бөлінген квота мөлшеріне байланысты болды.

2004–09 жылдары республика халқының саны көші-қондағы оң айырым есебінен 70,6 мың адамға, табиғи өсім есебінен 756,2 мың адамға, барлығы 826,8 мың адамға өсті. Ішкі көші-қон белсенділігі баяуламады. Керісінше, қалалардың

әлеуметтік жағдайының реттелуі мен депрессивті қалалардың дамуына үкімет тарапынан көңіл бөлу қала халқының санының өсуіне, ауыл-қала көші-қондық вектордың жандануына әкелді. 2004–09 жылдар аралығындағы республика ішілік көші-қонға 1567,7 мың адам тартылды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасының көш-қон саясатының басты бағыты – этностық қазақтардың тарихи отанына көші-қоны болып табылады.

Әр түрлі демографиялық күйзелістер мен апаттар кезінде алыс-жақын шет елдерге босып кетіп, сол жерлерге орналасып, орын тепкен қазақтар өз тарихи Отанына қайтып оралуы егемендік жағдайында дамыған көші-қон үрдісінің жүйелі бір бағытына айналды. 1991 жылдан бері шет елден ресми емес есеп бойынша 1,5 млн-дай қазақ қайта оралды. Қазақтардың қайта оралуы 1950 жылдары да байқалған. Мысалы, 1950–60 жылдары Қытайдан қоныс аударған қазақтар саны 240 мыңнан асқан.

Қазақстан Республикасы шет елдегі отандастарын біріктіруді заң жүзінде қолға алған Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет. Этностық қазақтардың тарихи отанына оралу көші-қоны – тәуелсіздігімізді тұрақтандыруда, ұлттық біртұтастықты қалыптастыруда, демографиялық ахуалды көтеріп, мәдени құндылықтарды сақтауда маңызды рөл атқарады. Шет елдегі этностық қазақтардың елге оралуы тәуелсіздік алғаннан кейін жүзеге асырыла бастады.

1991 жылдың басында әуелі «Қайт қазақ отаныңа» деген Қазақстанның ақын, жазушылары, ғалымдардың үні естіле бастады да іле-шала Пре-

зидент Н.Ә.Назарбаевтың «Алыстағы ағайындарға ақ тілек» атты әйгілі хатында айтылған: «Атамекенге келемін деушілерге жол ашық, ата-баба аруағы алдарыңнан жарылқасын!» деген сөз онсыз да атажұртына елеңдеп құлақ түріп отырған қазақ қауымын дүр сілкіндіріп, көкірегіне үміт отын жақты. Бұл кезде әлемнің 30-ға жуық елінде 4,5 млн-ға жуық: Қытайда (1,5 млн), Өзбекстанда (1,5 млн), Ресейде (800 мың), Моңғолияда (150 мың), Түрікменстанда (70 мың), Ауғанстан, Алмания, Түркия, АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Швейцарияда (70 мың) қазақ тұрып жатқан болатын. Бұларды әлемдік демография ғылымы бойынша екі топқа бөліп қарауға болады. Қытай, Өзбекстан, Ресейдегі қазақтар өздерінің тарихи атамекенінде тұрған ежелгі тұрғындар, қалғандары жат жұрттағы ұлт бөлшегі (диаспора) болып табылады. Қазақ диаспоралары өмір сүріп жатқан мемлекеттердің қоғамдық құрылымы, мемлекеттерінің сипаты, ахуал тіршілігі мен тіл мәдениеті әрқилы болғандықтан ондағы қазақтар да қилы-қилы тағдыр кешіп жатты. Қытайдағы қазақ зиялылары 1950 жылдардан бері осы елде үздіксіз жалғасып келе жатқан саяси науқандардан қасірет тартып, қуғын-сүргінге ұшырап келді. Иран, Ауғанстанда тұратын қазақтардың көпшілігі тұрған елдерінде азаматтық құқыққа ие бола алмады. Мұндай көрініс Түркияда да кездеседі. Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Швейцарияда тұратын қазақтардың интеллектуалдық мүмкіндігі осалдау болғанымен тұрмыс деңгейі айтарлықтай жақсы. Бұрынғы КСРО-да тұратын қазақ топтарының тұрмыс салты бір-біріне жақын және интеллектуалдық

болмыс мүмкіндігі жоғарылау еді. 1990 жылы қабылданған «Еңбек шарты туралы» келісімшарт Моңғолиядан қазақ көшінің басталуына себепкер болып, өзінің тарихи міндетін атқарды.

1992 жылы 3 шілдеде ҚР Министрлер- кеңесінің №578 қаулысымен өзінің тарихи отанына, оның ішінде қалалық жерлерге қайта қоныс аударуға тілек білдірген шетел қазақтарын ұйымшылдықпен қабылдау жөніндегі 1992 жылға арналған бағдарлама қабылданып, ҚР Премьер-министрінің орынбасары, Ауыл шаруашылығы министрі Б.М.Тұрсынбаев бастаған жұмыс тобы құрылды.

1992 жылы 28 қыркүйек – 3 қазанда Алматы қаласында Дүние жүзі қазақтарының I-Құрылтайы өтті. Құрылтайға әлемнің 33 мемлекетінен және Қазақстан облыстарынан келген 800-ге жуық адам қатысты. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Құрылтайда сөйлеген сөзінде көші-қон мәселесіне жете мән берілді. Құрылтай бағдарламасы аясында Дүниежүзі қазақтары қауымдас-тығының құрылуы қазақ көшінің барысына үлкен ықпалын тигізді.

1990 жылдары еңбек шартымен Моңғолиядан бастау алған қазақ көші халықаралық деңгейге көтерілді. 1992 жылдан бастап атажұртқа оралған қазақ көші Қытай, Түркия, Иран, Ауғанстан, Ресей, Өзбекстанда тұратын қазақтарды қамтыды.

1992–93 жылдары көшіп келушілердің саны көбейіп, көш төңірегінде шешімін таппаған мәселелерге байланысты бұл құбылысты құқықтық жолға қою қажеттілігі туды.

1993 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті «Көшіп келу туралы» Заң қабылдады. Министр-

лер кабинеті «Шет елдердегі отандастарымызға қосымша жеңілдіктер жасау» жөнінде қаулысын бекітіп көші-қон мәселесі құқықтық жаңа белеске көтерілді.

Көші-қон халықаралық сипатқа ие болып көшіп келушілердің арта түсуіне байланысты «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 мамырдағы №437 және 1993 жылғы 15 сәуірдегі №1184 қаулысын орындау шаралары туралы» Қаулысымен 1993 жылдан бастап жыл сайын көші-қон квотасы бекітілетін болды. 1991–95 жыл-



дары Қазақстанға 552 мыңнан астам оралман қоныс аударған.

Кеңес дәуірінде туған жерінде азшылыққа айналған қазақ ұлты тек тәуелсіздік жағдайында басым бөлікке айналды. 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізген кезде Қазақстанда қазақтардың үлес салмағы 40,1%; соның ішінде Солтүстік Қазақстанда 22,6%, Алматы қаласында 23,8%-ды құраса, 2009 жылы ұлттық халық санағында 10 млн-нан (63,1%) асты. Бұл өсудің негізгі қайнар бұлағы – табиғи өсім мен шет елдердегі отандастарымыз. Қазақстаннан сыртқа қоныс аударатын қазақтар саны тоқтамағанымен, 1999–2009 жылдары 72,9%-ға азайды: 1999 жылы 8,1 мың, 2004 жылы 3,4 мың, 2008 жылы 2,2 мың қазақ қоныс аударған. Қазіргі кезде табиғи өсіммен көші-қондағы жағымды айырым есебінен республика халқы ұдайы өсуде.

2013 жылдың 1 сәуіріне орай Қазақстан халқының саны 16 миллион 967 мың адамды құрады, оның ішінде қазақтар – 11 миллион 58 мың немесе 65,2%, орыстар – 3 миллион 698 мың (21,8%), өзбектер – 511 мың (3%), украиндықтар – 306 мың (1,8%), ұйғырлар – 243 мың (1,4%), татарлар – 203 (1,2%), немістер – 182 мың (1,1%), басқа этностар – 766 мың адам (4,5%) болды.

Қазіргі кезеңде әлемдік деңгейдегі өзгерістер көші-қон мәселелерін күрделендірді: көші-қон көлемі мен толқындарының бағыттары ғана өзгеріп қойған жоқ, сондай-ақ амалсыз көші-қон, босқындар, қуғын-сүргінге (депортацияға) ұшыраған халықтар ұрпақтарының тарихи отанына көші-қоны, транзитті көші-қон және басқа себептер бойынша көші-қон түрлері пайда болды. Бұдан басқа да көші-қонның жаңа себептері мен түрлері пайда болуда. Бұл еңбек көші-қоны мен заңсыз көші-қонға да қатысты.

Қазақстандағы көші-қонның заңсыз түрі күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселе туғызуда. Қазақстанның географиялық орналасу ерекшелігі заңсыз көші-қонды көбейтті. Бірқатар афро-азиялық аймақ елдерінің азаматтары Қазақстан аумағын Батыс Еуропаға өтетін көші-қон жолы ретінде пайдалануда. Оның негізгі себептері көші-қонның шыққан жеріндегі әскери-саяси жағдайдың тұрақсыздығына да байланысты. Бұл үрдіс Қазақстанның бақылауында болғанымен, оны реттеу қиынға соқты. Көші-қонның бұл түрі елдегі қылмыстың, соның ішінде наркобизнес пен қауіпті аурулардың таралуына және астыртын еңбек нарығының кеңеюіне ықпал етуімен қауіпті. 1992 жылы Германиядан Қазақстан ар-

қылы еліне қайтарылған Шри-Ланка елінің 50 азаматы самолетте құжаттарын жойып жіберіп, кетпедің амалын жасап, алғаш рет Қазақстанда заңсыз көші-қон мәселесін туындатты. Қазақстанға келген заңсыз көші-қонның көпшілігі афро-азиялық және басқа да тұрақсыз әскери-саяси жағдай орнаған елдерден әр түрлі (негізінен туристік) себеппен келушілер, бұрынғы Кеңестік мемлекеттің жоғары оқу орындарында оқыған немесе жұмыс істегендердің келісім-шарт арқылы мерзімі аяқталған соң отанына қайтқысы келмегендер, бұрынғы КСРО азаматтары.

Заңсыз көші-қоншылардың қатарына босқындар да жатады. 1997 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған «Көші-қон туралы» Заңда БҰҰның 1951 ж. Конвенция мен оның 1967 жылы Хаттамасының талаптарына сай «босқын» ұғымының түсініктемесі беріліп, «босқынның» шарттары белгіленді. Қазақстан Республикасында босқындарға саяси пана беру туралы шешімді ел Президенті қабылдайды.

20 ғасырдың соңынан бері өзге ұлт өкілдері тарихи отандарына қайтса, олардан бөлек қазақтардың сыртқа көші-қоны да өрістеді. Сонымен бірге Қазақстанға афро-азиялық аймақ-тардан келушілер саны күрт өсті. Заңсыз көші-қон, еңбек көші-қоны өрістеді. Бұл үдеріс 20 ғасырдың 2-жартысынан бастап әлемдік тарихта «иммиграциялық экспанция-жаулау» деген атпен белгілі. Дамуы әлсіз елден күшті елге көші-қон дүниежүзілік тәжірибеде жаһандандырылу үдерісінің бір көрінісі ретінде дамуда. Жаһандандырылуды басынан кешіп отырған әлемде көші-қон жаңа ғасырдың әлеуметтік бейнесін қалыптас-

тыратын негізгі қозғаушы күшке айналууда. Сонымен бірге қазіргі кезеңдегі көші-қон үдерістерін жекелеген қауымдастықтар мен ұлттық экономиканың ғаламдық қатынастарға түсуінің нәтижесі деуге де болады.

Қазақтардың сыртқы-ішкі көші-қоны өрістеп, жаңа бір бағыт – қазақтың ауылдан- қалаға бет бұруы қалыптасты. Кеңес за-манында- еңбектің индустриялық сала-лары мен қалаларда қазақ са-нының- аз, үлесінің төмен болғанын айта алмай келдік. Егеменділік жылдары жағдай өзгерді. Тұрғылықты халық – қазақтар көпшілікке айналып, олардың урбанизациялануы күшейді. Қаладағы сауда, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау орындарындағы қызметкерлер құрамындағы қазақтардың үлесі, кәсіпкерлер арасындағы саны молайды. Қалаларда қазақ тілінде оқытатын мектептердің саны көбейіп, оқушылардың негізін титулды ұлт құрады. Елдің демографиялық дамуының негізгі үрдістерін анықтаудағы қазақтардың демографиялық мінез-құлқының әсерінің басымдылық рөлі өсті. Қазақстанда 1991 жылдың 1 қаңтарында- 16793,1 адам есептелінсе, 2015 жылдың 1 наурызында елде 17 458 500 адам тіркелді. Соның ішінде, қала халқы – 9 661 800 (55,3%), ауыл халқы – 7796700 адам (44,7%) болды.

2011 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа Заңы қабылданды. Қазіргі қолданыстағы бұл Заң халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды. Оның Негізгі ережелерінде Заңда пайда-

ланылатын негізгі ұғымдар, Қазақстан Республикасы халықтың көші-қон саласындағы заңнамасы, көшіп келудің негізгі түрлері, халықтың көші-қон саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары мен міндеттері, көшіп келушілердің құқықтары мен міндеттері, көшіп келушілердің келуінің, кетуінің және болуының жалпы шарттары, көшіп келушілер болып табылмай-тын шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдардың заңнамалық анықтамалары қарастырылған. Екінші тарау Қазақстан Республикасында халықтың көші-қон үрдістерін басқарудың мемлекеттік жүйесіне арналған. Заңның 3–13-тарауларында келесі мәселелер қарастырылған:

- тарихи отанына оралу мақсатында көшіп келу;
- отбасын біріктіру мақсатында көшіп келу;
- білім алу мақсатында көшіп келу;
- еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында көшіп келу;
- гуманитарлық және саяси уәж-дер бойынша көшіп келу;
- көшіп келушінің Қазақстан Республикасына келуінен бас тарту үшін және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсатты алу үшін жалпы негіздер;
- Қазақстан Республикасында ішкі көшіп-қонушылар;
- ішкі көшіп-қонушыларға жәрдем көрсету;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының елден тыс жерге кетуі-нің шарттары мен тәртібі, заңсыз көшіп келудің алдын алу;
- Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық дауларды шешу;
- Қорытынды ережелер.

А.Құдайбергенова